КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2024 жылғы 06 қараша №7199-24-2-1/13811 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.Қ.Қанбаев,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Эверест 2» жеке кәсіпкері Наженова Гульзат Абдыхановна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің талаптары қанағаттандырылсын.

«Эверест 2» жеке кәсіпкері Наженова Гульзат Абдыхановна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын және мемлекет пайдасына 7 140 (жеті мың бір жүз қырық) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы, 2 060 (екі мың алпыс) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурордыңң апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **А.Қанбаев**

Құжатқа қол қойылған: Канбаев А. К., 06.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 13.12.2024, судья Канбаев А. К., 25.12.2024

7119-24-3-1/13156